



ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2026 жылғы 9 сәуір

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы
Үлкен алқасы:

төрағалық етуші, Сот төрағасы А.А. Дронов,
баяндаушы судья М.Т. Кайыпов, судьялар Э.В. Айриян,
Д.П. Александров, К.К. Джунушпаев, А.А. Забара, Е.Ж. Исмаилов, А.Б.
Кишкембаев, Н.В. Павлова, А.Г. Тунян,

сот отырысының хатшысы Б.Р. Эгембердиеваның қатысуымен,
іс материалдарын зерделеп, баяндамашы судьяны тыңдап,

Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының 2, 46, 47, 50, 68,
69, 73, 96, 98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты
Регламентінің 72, 85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Еуразиялық экономикалық комиссияның 2019 жылғы 20
желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің
еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімнің
ережелеріне түсініктеме беру туралы өтініші бойынша Консультативтік
қорытынды ұсынады.

I. Өтініш берушінің сұрақтары

1. Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – өтініш беруші, Комиссия) 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) ережелерін түсіндіру туралы өтінішпен Еуразиялық экономикалық одақ Сотына (бұдан әрі – Сот) жүгінді.

2. Өтініш беруші Комиссияның жұмыс тәжірибесінде Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – Одақ) мүше мемлекеттердің зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы құзыретті органдарының

Келісімнің ережелерін қолдануына байланысты мәселелер туындайтынын көрсетеді.

2.1. Мүше мемлекеттерде Келісім шеңберінде өздерінің халықаралық міндеттемелерін, атап айтқанда:

1) «еңбекші» терминін Келісімнің нормалары контекстінде «еңбекшіге» нақты қандай адамдар жататыны бөлігінде;

2) Келісімнің 7 және 12-баптары нормаларының мазмұнын Ресей Федерациясында зейнетақыға құқықты айқындау үшін қажетті жеке зейнетақы коэффициентін (бұдан әрі – ЖЗК) есептеу мәселесі бөлігінде түсінуінде әртүрлі тәсілдемелер туындады.

2.2. Көрсетілген жайт құқық қолдану практикасында Келісім күшіне енгенге дейін және күшіне енгеннен (яғни 2021 жылғы 1 қаңтардан) кейін мүше мемлекеттерде еңбек өтілі бар мүше мемлекеттердің азаматтарына зейнетақы тағайындауға байланысты проблемалардың туындауына алып келеді.

3. Баяндалғанды ескере отырып, Комиссия Соттан мынадай мәселелер бойынша Консультативтік қорытынды ұсынуды сұрайды:

3.1. Келісімнің 1-бабының әрекеті Келісімнің 12-бабымен жүйелі өзара байланыста мүше мемлекеттердің аумағында жұмыс өтілі бар мүше мемлекеттердің азаматтарына Келісім күшіне енгенге дейін (2021 жылғы 1 қаңтарға дейін) ғана қолданылады ма және осы азаматтар Келісімнің 1-бабында пайдаланылған терминология қолданылатын еңбекшілерге жатады ма?

3.2. Келісімнің 7-бабының 1–3-тармақтарының ережелері олардың Келісімнің 12-бабымен жүйелі өзара байланысында мүше мемлекеттер азаматтарының Келісім күшіне енгенге дейін (2021 жылғы 1 қаңтарға дейін) жинақтаған жұмыс өтіліне қатысты қолданыла ма?

II. Соттағы рәсім

4. Соттың Үлкен алқасының 2025 жылғы 18 желтоқсандағы қаулысымен Комиссияның өтініші іс жүргізуге қабылданды.

5. Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының (Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 2 қосымша; бұдан әрі тиісінше – Шарт, Статут) 68-тармағына сәйкес түсініктеме беру туралы істерді қарау тәртібі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 101 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ Сотының Регламентінде (бұдан әрі – Регламент) айқындалады.

6. Регламенттің 75-бабына сәйкес істі қарауға дайындық шеңберінде өтініш беруші қойған сұрақтар бойынша Одаққа мүше

мемлекеттердің жоғары сот инстанциялары мен мемлекеттік органдарынан қосымша мәліметтер мен пікірлер сұратылды.

Сотқа тиісті ақпаратты және материалдарды Армения Республикасының Әділет министрлігі, Беларусь Республикасының Әділет министрлігі, Беларусь Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, Қырғыз Республикасының Әділет министрлігі, Қырғыз Республикасының Еңбек, әлеуметтік қамтамасыз ету және көші-кон министрлігі, Ресей Федерациясының Конституциялық Соты, Ресей Федерациясының Жоғарғы Соты, Ресей Федерациясының Бас прокуратурасы, Еуразиялық экономикалық комиссия ұсынды.

III. Соттың қорытындылары

7. Статуттың 2-тармағына сәйкес Сот қызметінің мақсаты мүше мемлекеттер мен Одақ органдарының Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды, Одақтың үшінші тараппен халықаралық шарттарын және Одақ органдарының шешімдерін оның ережелеріне сәйкес біркелкі қолдануын қамтамасыз ету болып табылады.

Сот Статуттың 46 және 50-тармақтарына сәйкес мүше мемлекеттің немесе Одақ органының өтініші бойынша Шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың және Одақ органдары шешімдерінің ережелеріне түсініктеме беруді жүзеге асырады, бұл ретте Сот оның ішінде халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларын қолданады.

Халықаралық шарт 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының (бұдан әрі – Вена конвенциясы) 31-бабына сәйкес шарттың терминдеріне олардың контекстінде, сондай-ақ шарттың объектісі мен мақсаттарын ескере отырып берілетін әдеттегі мәніне сәйкес адал түсіндірілуі тиіс.

8. Шарттың 1-бабының 1-тармағына сәйкес Одақ шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы, Шартпен және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен айқындалған экономика салаларында үйлестірілген, келісілген немесе бірыңғай саясат жүргізу қамтамасыз етіледі.

Шарттың 4-бабына сәйкес Одақтың мақсаттары, атап айтқанда, мүше мемлекеттер халқының өмір сүру деңгейін арттыру мүддесінде олардың экономикаларының тұрақты дамуы үшін жағдай жасау; Одақ шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдың және еңбек ресурстарының бірыңғай нарығын қалыптастыруға ұмтылу болып табылады. Мақсаты мүше мемлекеттердің азаматтарын зейнетақымен

қамсыздандыру саласындағы қатынастарды реттеу болып табылатын Келісімді жасасу оларға қол жеткізуге ықпал етеді. Осыған байланысты Шарттың «Еңбек көші-қоны» атты XXVI бөлімі мен Келісімнің ережелері Шарттың және Келісімнің жоғарыда аталған мақсаттары тұрғысынан түсіндіруге жатады.

9. Мүше мемлекеттердің еңбекшілерін және олардың отбасы мүшелерін зейнетақымен қамсыздандыру тұрақты тұратын мемлекеттің заңнамасымен, сондай-ақ мүше мемлекеттер арасындағы жеке халықаралық шартқа сәйкес реттелетінін көздейтін (98-баптың 3-тармағының үшінші абзацы) Шартты дамыту үшін оның 14-бабының 3-тармағына сәйкес Одақ құқығына кіретін Келісім жасалды.

10. Соттың Үлкен алқасы Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілердің норма-дефинициясы тиісті шарттың (актінің) мәтінінде пайдаланылатын ұғымдардың мазмұнын ашуға бағытталғанын негізге алады. Бұл нормалар халықаралық шарттың ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде міндетті болады, бірақ айқындалатын терминдерді қамтитын оның реттеуші нұсқамаларымен өзара байланыста ғана қолданылады.

Өтініш берушінің бірінші сұрағына қатысты мұндай тәсілдеме ұғымдардың, оның ішінде «еңбекші» терминінің анықтамалары Келісімнің 1-бабында мазмұны мен мәні нақты баптың контексін ескере отырып белгіленуге жататын осы халықаралық шарттың кейінгі баптарында оларды пайдалану мақсаттары үшін берілгенін тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Келісімнің 1-бабына сәйкес «еңбекші» – басқа мүше мемлекеттің аумағында еңбек немесе өзге де қызметті жүзеге асыру арқылы зейнетақы құқықтары қалыптасатын не қалыптасқан мүше мемлекеттің азаматы.

Келісімнің 3-бабының 1–3-тармақтарына сәйкес еңбекшілердің зейнетақы құқықтарын қалыптастыру жұмысқа орналастырушы мемлекет азаматтарының зейнетақы құқықтары қалыптастырылатын дәл сондай шарттарда және дәл сондай тәртіппен зейнетақы жарналары есебінен, ал еңбекшілерге (отбасы мүшелеріне) зейнетақыны тағайындау және төлеу құқығын іске асыру – жұмысқа орналастырушы мемлекеттің азаматтарына арналған дәл сондай шарттарда жүзеге асырылады. Бұл ретте зейнетақыны тікелей тағайындауды және төлеуді заңнамасына сәйкес еңбекші тиісті құқықты иеленетін мүше мемлекеттің құзыретті органы жүргізеді.

11. Келісімге 2019 жылғы 20 желтоқсанда қол қойылды және 2021 жылғы 1 қаңтарда күшіне енді.

Вена конвенциясының 28-бабына сәйкес, егер шарттан өзгеше ниет туындамаса немесе өзгеше түрде белгіленбесе, онда шарттың ережелері көрсетілген қатысушы үшін шарт күшіне енген күнге дейін орын алған кез келген іс-әрекетке немесе фактіге қатысты немесе осы күнге дейін қолданылуын тоқтатқан кез келген жағдайға қатысты шартқа қатысушы үшін міндетті емес.

Келісімде оған тұтастай алғанда да, оның жекелеген ережелеріне де кері күш беру көзделмеген.

Баяндалғанды ескере отырып, Соттың Үлкен алқасы Келісімнің нормалары ол күшіне енгеннен кейін туындайтын және азамат пен құзыретті мемлекеттік орган арасындағы зейнетақы құқықтарын қалыптастыру, зейнетақыны тағайындау және төлеу жөніндегі құқықтық қатынастарды білдіретін зейнетақы қатынастарына қолданылады деген қорытындыға келеді.

12. Келісімнің 7-бабының 1-тармағы әрбір мүше мемлекет зейнетақыға құқықты осы Келісімнің ережелерін ескере отырып, өзінің аумағында жиналған жұмыс өтілін негізге алып, өз заңнамасына сәйкес айқындайтыны көзделген. Бұл ретте Келісімге сәйкес жұмыс өтілі – бұл жұмыс және (немесе) өзге де қызмет кезеңі (оның ішінде зейнетақы жарналарын төлей отырып), сондай-ақ зейнетақыға құқықты айқындау және оның мөлшерін есептеу кезінде мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес есепке алынатын өзге де кезеңдер.

Келісімнің 7-бабының 5-тармағына сәйкес зейнетақыға құқық (жинақтаушы зейнетақыны, мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша еңбек (сақтандыру) зейнетақыларын қоспағанда) еңбекшіде Келісім күшіне енгеннен кейін мүше мемлекеттің аумағында жиналған кемінде 12 ай жұмыс өтілі болған кезде туындайды. Егер бір мүше мемлекеттің аумағында жиналған жұмыс өтілі зейнетақыға құқықтың туындауы үшін жеткіліксіз болған жағдайда мұндай жұмыс өтілі уақыты бойынша тура келген жағдайларды қоспағанда, әрбір мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес басқа мүше мемлекеттердің аумақтарында жиналған жұмыс өтілі ескеріледі (Келісімнің 7-бабының 2-тармағы).

Баяндалғанның негізінде Соттың Үлкен алқасы Келісімге сәйкес зейнетақыға құқықты айқындау кезінде Одаққа мүше мемлекет азаматының оның ішінде Одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумақтарында жиналған жұмыс өтілі ескеріледі деген қорытындыға келеді.

13. Келісімнің 7-бабының 3-тармағы Ресей Федерациясында зейнетақы бегілеуге ғана қолданылатын арнайы норманы көздейді. Осы ереженің негізінде Келісімнің 7-бабының 1-тармағына сәйкес Ресей

Федерациясында зейнетақыға құқықты айқындау кезінде ЖЗК-нің шамасы Ресей Федерациясының аумағында, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының аумағында жиналған жұмыс өтілінің кезеңдері үшін айқындалады.

Егер Келісімнің 7-бабының 3-тармағының бірінші абзацына сәйкес айқындалған ЖЗК-нің шамасы зейнетақыға құқықтың туындауы үшін жеткіліксіз болса, мүше мемлекеттердің аумақтарында жиналған 1 жыл жұмыс өтілі үшін 1-ге тең ЖЗК шамасы ескеріледі. Бұл ретте 1 ай жұмыс өтілі толық күнтізбелік жыл үшін коэффициенттің 1/12 бөлігін, ал 1 күн – толық күнтізбелік жыл үшін коэффициенттің 1/360 бөлігін құрайды.

14. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2014 жылғы 12 қарашадағы № 103 шешімімен мақұлданған Зейнетақымен камсыздандыру саласындағы ынтымақтастық туралы халықаралық шарттың тұжырымдамасына сәйкес Келісімді әзірлеудің алғышарттары мен негізгі мақсаттарының бірі, оның ішінде Одақтың бір елінен екіншісіне мүше мемлекеттер азаматтарының қоныс аударуы кезінде еңбекшілердің зейнетақы құқықтарын сақтау және қорғау мәселесін шешу қажеттігі болып табылады.

15. Келісімді телеологиялық түсіндіру Соттың Үлкен алқасына Келісім мүше мемлекеттердің азаматтары зейнетақыға үміткер болуы үшін ең аз шарттардың жиынтығы туралы ұлттық заңдардың талаптарын іске асыру және бір мүше мемлекеттің азаматтарына басқа мүше мемлекеттің аумағында алған зейнетақы құқықтарын сақтауға кепілдік беру мақсатында қабылданды деген қорытындыға келуге мүмкіндік береді. Бұл Келісімнің 7-бабының тәртібінде олардың аумақтарында жинақталған барлық өтілін мемлекеттер өзара есепке алған жағдайда мүмкін болады.

16. Келісім шеңберінде зейнетақыны тағайындау және төлеу мәселелерін реттейтін Келісімнің 7-бабы бойынша зейнетақыға құқықты айқындауға қатысты міндеттемелердің және 12-бабының өтпелі ережелерінің (оған құқығы болған кезде) ара жігін ажырату қажет.

Сонымен, Келісімнің 12-бабына сәйкес:

Келісім күшіне енгеннен кейін жиналған жұмыс өтілі үшін зейнетақыны аумағында тиісті жұмыс өтілі жиналған мүше мемлекет тағайындайды және төлейді;

Келісім күшіне енгенге дейін жиналған жұмыс өтілі үшін зейнетақы – мүше мемлекеттердің заңнамасына және 1992 жылғы 13 наурыздағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер азаматтары құқықтарының кепілдіктері туралы келісімге, ал Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясы үшін 2006 жылғы 24 қаңтардағы Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы арасындағы әлеуметтік

қамсыздандыру саласындағы ынтымақтастық туралы шартқа сәйкес тағайындалады және төленеді.

Соттың Үлкен алқасы оған сәйкес аумағында тиісті жұмыс өтілі жиналған мүше мемлекет Келісім күшіне енгеннен кейін жиналған өтіл үшін зейнетақыны тағайындайтын және төлейтін Келісімнің 12-бабының ережелері әрбір мемлекет зейнетақыға құқықты Келісімнің ережелерін ескере отырып, оның аумағында жиналған жұмыс өтілін негізге ала отырып айқындайтыны туралы Келісімнің 7-бабы 1-тармағының ережелеріне сәйкес келеді деп ойлайды.

Келісім күшіне енгенге дейін жиналған жұмыс өтілі үшін зейнетақы тағайындауға және төлеуге келетін болсақ, онда Келісімнің 12-бабы мүше мемлекеттердің заңнамаларын ғана емес, сонымен бірге өзге де халықаралық шарттарды қолдану міндеттілігін атап көрсетеді: 1992 жылғы 13 наурыздағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер азаматтарының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы құқықтарының кепілдіктері туралы келісімді, ал Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясы үшін 2006 жылғы 24 қаңтардағы Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы арасындағы әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ынтымақтастық туралы шартты.

Мұндай жағдайларда, Соттың Үлкен алқасының пікірінше, мүше мемлекеттердің еңбекшілері иеленетін зейнетақы құқықтары Келісімнің күшіне енуіне байланысты құқықтық реттеу өзгергеннен кейін де іске асырудың заңды кепілдіктерімен қамтамасыз етіледі.

Келісімнің 12-бабы аумақтылық қағидатына негізделген зейнетақымен қамсыздандыру режимінен мүше мемлекеттердің әрқайсысының аумағында азаматтар иеленетін зейнетақы құқықтарының шамасына қарай зейнетақы төлеуге арналған шығыстарды бөлуді көздейтін пропорционалдық қағидатына көшуді реттейді. Бұл ретте осы норманың мақсаты – мүше мемлекеттер азаматтарының Келісім күшіне енгенге дейін туындаған зейнетақыға құқықтарын сақтау. Сондықтан Келісімнің 12-бабында мүше мемлекеттердің заңнамасына және ТМД Келісіміне, ал Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясы үшін – Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы арасындағы шартқа сәйкес Келісім күшіне енгенге дейін жиналған жұмыс өтілі үшін зейнетақы тағайындау және төлеу көзделген.

17. Баяндалғанды ескере отырып, Келісімнің 7-бабының 1–3-тармақтарын Келісімнің 12-бабымен өзара байланысты түсіндіруде Келісімнің аталған нормалары еңбекшілердің (Одаққа мүше мемлекеттер азаматтарының) Келісім күшіне енгенге дейін де, одан кейін де жиналған жұмыс өтіліне қатысты қолданылады дегенді білдіреді.

18. Баяндалғандар негізінде Соттың Үлкен алқасы мынадай түсіндіруді ұсынады:

18.1. Келісімнің нормалары ол күшіне енгеннен кейін, яғни 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап туындайтын зейнетақы қатынастарына қолданылады. Осыған байланысты Келісімнің зейнетақыға құқықтың туындауы туралы нормалары Одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында 2021 жылғы 1 қаңтардан кейін жиналған кемінде толық 12 ай өтілі бар осы мемлекеттердің азаматтарына қолданылады.

Ұғымдардың, оның ішінде «еңбекші» ұғымының анықтамалары Келісімнің 1-бабында осы халықаралық шарттың келесі баптарында пайдалану мақсатында берілген. Мұндай анықтамалар Келісімнің ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде міндетті болып табылады, бірақ осы ұғымдарды қамтитын оның реттеуші нұсқамаларымен өзара байланыста ғана қолданылады.

18.2. Келісімнің 7-бабының 1–3-тармақтары мүше мемлекеттер азаматтарының зейнетақыға құқығын айқындау тәртібін реттейді.

Бұл ретте мүше мемлекеттер жұмыс өтілін Келісім күшіне енген күннен бастап есептеуге міндетті. Бір мүше мемлекеттің аумағында жиналған жұмыс өтілі зейнетақыға құқықтың туындауы үшін жеткіліксіз болған жағдайда басқа мүше мемлекеттердің аумақтарында, оның ішінде 2021 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде жиналған жұмыс өтілі ескеріледі.

Келісімнің 7-бабының 1–3-тармақтарының ережелерін 12-баппен өзара байланысты түсіндіруде Келісімнің аталған нормалары еңбекшілердің (Одаққа мүше мемлекеттер азаматтарының) Келісім күшіне енгенге дейін (2021 жылғы 1 қаңтарға дейін) де, одан кейін де жиналған жұмыс өтіліне қатысты қолданылады дегенді білдіреді.

IV. Қорытынды ережелер

Осы Консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушіге жіберілсін.

Консультативтік қорытынды Соттың ресми интернет-сайтында орналастырылсын.

Төрағалық етуші

А.А. Дронов

Судьялар:

Э.В. Айриян

Д.П. Александров

К.К. Джунушпаев

А.А. Забара

Е.Ж. Исмаилов

М.Т. Кайыпов

А.Б. Кишкембаев

Н.В. Павлова

А.Г. Тунян